

- жас футболшылардың оқу-жаттығу үрдісінде футбол ойынымен шұғылданудың қалыптасу ерекшеліктері анықталды;

- дене шынықтыру сабақтары жұмысында оқушылардың негізгі физикалық және психолого-физиологиялық, педагогикалық қасиеттерін дамытатын жас ерекшеліктері анықталды.

Футбол ойыны спорттық ойындардың ең бір тамаша түрі. Ол үлкен адамдардың, жасөспірім балалардың барлығы қызығатын дене тәрбиенің бір түрі. Ол адамның денесін шынықтыруда, дене қуаты қасиетін жетілдіруде, адамның күш - қайратын асыруда, жігерін шыңдауда, басқалармен өзара сыйластық, өзара селбестік қатынастарын дамытуда ерекше рөл ойнайды. Жұмыста көрсетілген қорытындылар бойынша футбол 13-15 жастағы жас футболшыларға ерік, батылдық, шыдамдылық, шапшаңдық, ерлік, өзін-өзі ұстау, достық және тағы басқа сезімдерін тәрбиелейді. Сонымен қатар футбол спортымен шұғылдану оқушылардың физикалық дайындығын арттырады. Олар - күш, жылдамдық, шапшаңдық, төзімділік, икемділік, ептілік және координациялық мүмкіндіктер. Тәжірибе басында 13-15 жастағы жас футболшылардың негізгі техникалық аспектілерін анықтауда, тәрбиелеуде шеберлігін қалыптастыру тиімді болады деп ойластырылған болатын. Педагогикалық тәжірибе негізінде алынған қорытындылар бұл тәжірибенің тиімділігін дәлелдеді.

Әдебиет тізімі

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – (Алматы: Білім, 1997. – 256 б).

УДК: 81

ЖАЗУШЫ ЖҮНІС САХИЕВТІҢ «ЖАСАМПАЗДЫҚ ҚИЫРЫНДА» ШЫҒАРМАСЫ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Дүйсенбай А.С.

4 курс студенті, ҚМПИ

Қостанай қ., Қазақстан

Қанапина С.Ғ.

филология ғылымдарының

кандидаты, доцент, ҚМПИ

Аннотация

Ғылыми мақала жазушы Ж.Сахиевтің «Жасампаздық қиырында» шығармасы тіліндегі мақал - мәтелдердің стильдік қызметін анықтауға арналған. Мақал-мәтелдердің тілдік тұрғыда зерттелуі, тілде қалыптасу кезеңдері жайлы сөз етіледі. Жазушы қолданысындағы мақал-мәтелдерге талдау жүргізіліп, паремиолог - ғалым Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты еңбегін пайдалана отырып, мағыналары ашылды.

Мақалада Ж. Сахиевтің ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамын мейлінше шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәтінін

мәнерлі, өткір шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір стильдік мақсатпен ұтымды пайдаланғанына көзімізді жеткізе аламыз.

Аннотация

В научной статье рассматриваются стилистические особенности использования пословиц и поговорок в произведении Ж.Сахиева «На склоне открытия». Рассказывается о стадиях формирования и исследования пословиц и поговорок в казахском языке. Также проводится лингвостилистический анализ пословиц, использованных в произведении писателя и раскрывается их смысл с помощью книги А.Кайдара «Мудрость народа».

В статье мы можем увидеть как Ж.Сахиев мастерски пользуется богатством народного языка и как выигрышно использует их в определенных стилистических целях.

Abstract

In the scientific article are considered stylistic features of the use of proverbs and sayings in the product Zh.Sakhiev " On the slope of the opening." describes stages of the formation and research proverbs and sayings in the Kazakh. Also, is carried out linguistic analysis of proverbs used in the product of the writer and reavels their sense by means of the A.Kaydara book "The Wisdom of the people."

In this article we can see how Zh.Sahiev skillfully uses the wealth of the national language and how to use them advantageously in certain stylistic purposes .

Түйіндісөздер: таным, тіл, халық, ұлт, сөз, мақал-мәтелдер.

Ключевые слова: познание, язык, народ, нация, слово, пословицы и поговорки.

Key words: knowledge , language, people, nation, word, proverbs .

Кіріспе.

Зерттеуші-ғалым Қарсыбекова Ш.П «Қазақ тіліндегі мақал - мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері» атты кандидаттық диссертациясының авторефератында мақал-мәтелдер жайлы былай дейді: «Этномәдени танымды айшықтайтын қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер тек сан жағынан ғана емес, сапа, мазмұны жағынан да алуан түрлі. Оның басты себебі: ұлттық менталитетіміздің тілдегі ерекше бір жарқын, мәнді де мазмұнды өрнегі саналатын мақал-мәтелдер - қазақ этносына тән дүниетаным мен сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тәлімінің, өркениеті мен мәдениетінің - барша болмысының қайнар бұлағы».

Мақал - мәтелдер - халық даналығының қазына байлығы, ол - ғасырлар бойы қалыпташып, сол халықпен мәңгі - бақи жасап, біте қайнасып, етене сіңісіп кеткен дүние. Сондықтан да, жұртшылық оны ел жадында сақадай сай дайын тұрған қазына ретінде ұстап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым - қатынасында пайдалануға, сол арқылы өз ойын көрікті де бейнелі түрде жеткізуге тырысады. (Қарсыбекова, 2004, 3б)

Ал зерттелуі жайында былай деген: «Қазақ мақал - мәтелдерін ауыз әдебиетінің жанры ретінде зерттеу, табиғатын айқындау, көркемсөз өнеріне қатысты аспектілері мен қыр - сырларымен шұғылданушылар, негізінен, әдебиетші мамандар. Мақал - мәтелдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға ат салысқан әдебиетші ғалымдардың қатарында М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, Н.Төрекұлов, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, М.Базарбаев, С.Қасқабасов, С.Нұрышев, Б.Ақмұқанова т.б. атауға болады» . (Қарсыбекова, 2004, 14б)

Қазақ паремиологиясының қалыптасу тарихын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 40-60 жылдарына дейінгі кезең. Қазақ мақал-мәтелдерін халық аузынан жинақтау, қағаз бетіне түсіру, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарының жүргізілуімен сипатталады (Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Радлов,

Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ф.Катанов, В.Катаринский, П.М.Мелиоранский, Н.Пантусов, А.Е.Алекторов, М.Ысқақов, А.Байтұрсынов, Ө.Тұрманжанов, Б.Ақмұқанова т.б.)

2. Мақал-мәтелдердің ғылыми айналымға түскен кезеңі. М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, Н.Төреқұлов, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, М.Базарбаев, С.Қасқабасов, С.Нұрышев, Б.Ақмұқанова т.б. әдебиетші ғалымдар зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдерінің әдеби табиғаты, Р.Сәрсенбаев, Ө.Қайдар, Б.Шалабаев, Ө.Айтбаев, М.Мұқанов, З.Ерназарова, Қ.Бейсенов, Ғ. Тұрабаева, С.Қанапина, А.Нұрмаханов, С.Сәтенова, Д.Бегалықызы, Б.Сағын т.б тілші- мамандар зерттеулерінде тілдік ерекшеліктері сөз болады.

3. XX ғасыр тіл білімінде мақал-мәтелдер паремиологияның зерттеу нысанына айналып, антропоцентристік бағытта қарастырылуда.

Материалдар мен әдістер.

Жұмыстың негізгі материалы ретінде жазушы Ж. Сахиевтің «Жасампаздық қиырында», паремиолог - ғалым Ө.Қайдардың «Халық даналығы» еңбектері алынды. Сонымен қатар мақал -мәтелдерге қатысты филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялардың авторефераттары пайдаланылды. Жұмыста жинақтау әдісі, саралау әдістері қолданылды.

Талқылау және нәтижелер.

Зерттеушілер мақал-мәтелдер, яғни паремиялар предикативтік типтегі кешенді сөйлемдік құрылымдар ретінде фразеологияның шеңберінде емес, тілтанымдық дербес пән-паремиологияның зерттеу объектісі ретінде қарастырылуы қажет екенін айтады . (Исаева, 2007, 10 б)

Зерттеуші - ғалым С.Ғ.Қанапина «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі» (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде) атты монографиялық еңбегінде паремиология жайлы былай дейді: «Тілдің осы паремиологиялық қорында ұлттың мұң-мұқтажы мен тұрмыстық жағдайлары көрініс табады. Себебі, мақал - мәтелдер халықтың рухани өмірімен, өткен тарихымен тығыз байланысты және мақал - мәтелсіз тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін толық сипаттау мүмкін емес.

Бүгінгі күнде халықтың алтын тұғыры, рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің жалаң түрдегі лингвистика ғылымының зерттеу ауқымы кеңейіп, өркені өсіп отыр. Оған себеп, тілдің өз бойында бүкіл тарихты, төл мәдениетті, ұлттық таным мен талғамды, мінез бен көзқарасты, сана мен нанымды сақтап, берік тұтынуда. Басқаша айтқанда, әр тіл-өз ұлтының бойтұмары іспетті тұнып тұрған қасиетін белгілейтін таңбалық жүйе. Осымен байланысты тілдік жүйенің құрылымдық бірліктері тек дәстүрлі лингвистиканың ғана емес, этнолингвистика, социоллингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика т.б. ғылым салаларының зерттеу нысанына айналып отыр. Мұның өзі тіл табиғатына терең бойлап, жан-жақты қарастыру нәтижесінде тілдік жүйе құрылымының сипатын айқын тануға жол ашты. Сондықтан да тілді қарапайым таңбалық жүйе деп қарастыру, ол туралы түсінікке кереғар әсет етеді және зерттеу мүмкіндіктерін шектейді. Тіл, көнеден айтылып жатқандай, таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет. Сондықтан да қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағытына сәйкес, ол-әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттық тарихи жетістігі. Тілдегі мақал-мәтелдер- мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысқан үлкен күш, мәдени ескерткіші, ұлт өмірінің айнасы. Ол мәдениеттің жалпы сипатын анықтайды, негізгі ақпаратты жинайды, сақтайды және жеткізеді. Осыған сай тіл әрбір этнос мәдениетінің өзгешелігін, екінші жағынан, тіл шеңберінде мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз етеді.

Тіл, соның ішінде мақал-мәтелдер, қазіргі, келер ұрпақты үлкен бір тарихи арнаға, бүтіндікке байланыстырады. (Қанапина, 2010, 3б)

Қазақтың белгілі паремиолог- ғалымы Ө.Қайдар мақал-мәтел туралы былай дейді: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қо-

ғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барынша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді». Сондықтан академик Ә.Қайдар оларды шартты түрде «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп атауды ұсынды. Бұлай үш салаға бөліп қараудың ұстанған принципі- барлық құбылысты түгел қамту дегендік деп түсінеміз.

Түркі халықтарының мақал-мәтелдері «Аталар сөзі», «Даналық сөздер», «Нақыл сөздер» деп аталып, «Ақылың бар ма-ақылға ер, ақылың жоқ па - нақылға ер», «Атаңның сақалына қарама, айтқан мақалына қара», «мақал-мәтел маржан сөз» деуі –халықтың берген әділ бағасы. [(Қанапина, 2010, 36) (Қанапина, 2010, 4-56)

Жазушы Жүніс Сахиевтің «Жасампаздық қиырында» шығармасы тіліндегі **мақал-мәтелдердің қолданыс ерекшелігі** төмендегідей:

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ»

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дейді халық . Енді ойлап қараса, Жер де сондай екен. Кезінде оның бетінде асыр салып ойнап жүргенде де, кейін есейген соң Жер шарын әуегарыш кемесімен айналып ұшқанда да ештемені ойламапты. (Сахиев, 2009, 606)

Мақалдың философиялық мәні: адам баласы өзіне қымбат нәрселердің қадірін қолында болғанда білмей жатады. Ал қасындағы немесе қолындағы бар заттың, болмаса адамның керектігін жоғалтқанда біліп жатады демекші.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі»

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген ұлағатты сөз де халық арасында бекерден -бекер тараман болар. Тағдыры келте болса, үлде мен бүлдеге оранып отырған адам да болмайтын бір себептен о дүниелік болып кете барады. (Сахиев, 2009, 666)

Мақалдың философиялық мәні: ел басына қанша қауіп төнсе де, қырғын соғыс ұзаққа созылса да, ажалы келмеген адам одан өлмейді демекші... (Қайдар, 2004, 4256)

«Үмітсіз-сайтан»

Бірақ «үмітсіз-сайтан» дегендей, гарышкерлер олардан үміттерін үзген жоқ. (Сахиев, 2009, 606)

Жарық дүниеге келген пенденің баршасы үмітпен туып, сол үмітпен өмір сүреді; «бүгінге дейін көре алмаған тамаша-қызығымды ертең көрермін» деген сеніммен жүреді; діни ұғым бойынша тек шайтан ғана мұндай үміт-сенімнен мақұрым екен. Мақалдың шығуы да осыған байланысты: «пенде ретінде жақсы-жарқын болашақтан үмітің болмаса, үміттен мақұрым шайтан болғаның» дегенді аңғартады... (Қайдар, 2004, 5316)

«Кемедегенің жаны бір»

Тек бір-бірін ғана біліп, әрқайсысының амандығын ғана тілеумен болған. Осы сапарда «Кемедегенің жаны бір» деген мақалдың түп-төркінін де терең түсінген. (Сахиев, 2009, 696)

Қауымдаса, қоғамдаса бірге өмір сүріп , біте қайнасып кеткен әлеуметтік топ-тағдырлас, мүдде-мақсаты да бір; олар бір кемедегі адамдай , не болса да, бәрін бірге көруге тиіс. (Қайдар, 2004, 3526)

«Қайта шапқан жау жаман»

«Қайта шапқан жау жаман» деген мақалдың күші де енді ене бастағандай. Қатер әлі де алда. (Сахиев, 2009, 1516)

Қан майдан, ұрыс-шайқастарда жеңіліп қашқан жау бірден қайрылып қайта шаппайды, ол есін жиып, күш-қуатын жинап, қуғыншыларды ішкерілетіп, ортаға кіргізіп алып, қоршауға түсіру үшін қулық жасап, айла-әрекетін асыру үшін, не кеткен кемшілікті ескеру үшін қайта шабатын болған. Бұл-өте қауіпті тәсіл. Қыздың төркініне қайтіп келуі күйеуімен шығыса алмай, барған жеріне сыйыса алмауынан болады. Қайтіп келген қыз да ата-анасына жек көрінішті болады, қайғы-қасірет әкеледі. Біткен бір істің белгілі себептермен қайтадан

басталып, қабырауы да жақсы емес. Ескі істің бұзылғаны, оны бұзып қайтадан жасаудан да жаңадан бастағаны әлдеқайда артық. (Қайдар, 2004, 383б)

«Шешінген судан тайынбас»

«Шешінген судан тайынбас» дегендей, зарышкерлер енді комбинезондарының жұмыс жүйесін тағы бір тексеріп, қандай құбылысқа да дайындалып жүр. (Сахиев, 2009, 16б)

1) Өзен суынан малтып, жалдап өту үшін шешінген адам, одан өтуден де тайынбайды, өйткені ол өткісі келмесе, шешінбес те еді;

2) көп ойланып-толғанып бір нәрсені істеуге шешім қабылдаған, шешіне кіріскен адам да оны орындаудан, аяғына дейін жеткізуден тайынбайды, қиындығын, қауіптілігін сезсе де тәуеклге барады. (Қайдар, 2004, 541б)

«Жаман айтпай-жақсы жоқ»

«Жаман айтпай-жақсы жоқ» дегендей, кемедегі бір кілтпен кілт етсе, оның қайтадан галамшарға қарай құлдилап жөнелмесіне кім кепіл? (Сахиев, 2009, 84б)

Басталған игі істі жүзеге асыру үшін оған тосалғы болатын, қарсы келетін нәрселердің барлығын алдын ала айтып, ескерген жөн, солардан тазалап алғанда ғана игі істің орындалуына жол ашылады деген сөз. (Қайдар, 2004, 309б)

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ»

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дейді халық. Енді ойлап қараса, Жер де сондай екен. Кезінде оның бетінде асыр салып ойнап жүргенде де, кейін есейген соң Жер шарын әуегарыш кемесімен айналып ұшқанда да ештемені ойламапты. (Сахиев, 2009, 70б)

Мақалдың философиялық мәні: адам баласы өзіне қымбат нәрселердің қадірін қолында болғанда білмей жатады. Ал қасындағы немесе қолындағы бар заттың, болмаса адамның керектігін жоғалтқанда біліп жатады демекші.

«Сабыр бар жерде, сана да бар»

«Сабыр бар жерде, сана да бар» дейді емес пе, дана халық. Бұл ұлағатты сөзді Төкен әрқашан да сапарластарының естеріне салып отырады. (Сахиев, 2009, 101б)

Ашуға да, қуанышқа да сабырлылық көрсету адамдықтың үлкен белгісі. Күнделікті өмірде адамдар бір-бірін болмашы нәрсеге ренжітіп алып жатады, ашуланып, асығыс істер жасап жатамыз. Соңынан опынып жататын кезде де болады. Ал осындай жағдайларға тап болмаудың жолы- сабырлы болу. Шыдамсыз, осал адам үшін өмірде елеулі жетістікке қол жеткізу өте қиын. Сабырлы адам-ақылды, шыдамды, байыпты, ұстамды болады. Сондықтан да, сабырлылық адамның дұрыс шешім қабылдауына, мұратына жетуіне мүмкіндік береді. Сабыр бар жерде – ақыл да болады, дұрыс шешім де қабылданады демекші.

Дүние-дөңгелек

«Дүние-дөңгелек» дегеннің орындалар сәті де келген сияқты. (Сахиев, 2009, 97б)

Мақалдың мағынасы: бір адамға қиянат келтірсең, не жақсылық жасасаң ол өзіңе қайта айналып келеді дегенді аңғартады.

Білекті бірді, білімді мыңды жығады

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деп халық бекерден-бекер сөз қозғамаса керек. Осындай жұлдызаралық алапат кемеге мініп алып, Ғаламды шарлап жүргендері де сол білімнің арқасы емес пе еді. (Сахиев, 2009, 71б)

Қанша күші көп, мықты адам болса да, ол білек күшімен адамдардың барлығын қорқытып ұстай алмайды. Әйтеуір, бір жолы күші таусылып, біреуінен болмаса, екіншісінен жеңіледі. Ал егер, адам ақылды болса, ол бір емес, мың адамды жеңіп, өзін мойындатқызады демекші...

4. Қорытынды.

Жазушы Жүніс Сахиевтің «Жасампаздық қиырында» шығармасын талдау барысында 19 мақал-мәтел теріліп, оның 15-сі талдауға түсті. Паремнолог - ғалым Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты еңбегін пайдалана отырып, мақал-мәтелдердің мағынасы ашылды. Жазушының «Жасампаздық қиырында» шығармасында ұлттық тілдің бай қазынасы - мақал-

мәтелдер шебер пайдаланылған, шығарма тіліндегі әр сөз, сөйлем, тұтас мәтін мәнерлі, өткір шебер тілмен өрнектелген деп айта аламыз.

Әдебиет тізімі:

Қарсыбекова Ш.П «Қазақ тіліндегі мақал- мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері». Филология ғылымдарының кандидатты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2004 ж, 26 бет.

Исаева Ж.И. «Дүниенің паремиологиялық бейнесі» (лингвомәдениеттанымдық аспект)– Филология ғылымдарының кандидатты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы, 2007 ж, 29 бет;

С. Ғ. Қанапина «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі» Қостанай: «Центрум», 2010-183 бет

Ә. Қайдар «Халық даналығы» Алматы: «Тоғанай Т» - 2004ж, 560 бет.

Сахиев Ж. «Жасампаздық қиырында».-Алматы, «Білім» баспасы, 2009. –208бет.